

«Елмерей» бөбекжай балабақшасы ЖШС
МЕҢГЕРУШІ ЖАНЫНДАҒЫ КЕҢЕС
ХАТТАМА № 1

Күні: 5 қыркүйек 2025 жыл

Қатысқандар: меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер, мамандар

Қатыспағандар: қатыспаған жоқ

КҮН ТӘРТІБІ:

1. 2025–2026 оқу жылындағы негізгі бағыттар мен ұйымдастыру жұмыстары.
2. 2025–2026 оқу жылына арналған жылдық жоспарды бекіту.
3. Қауіпсіздік техникасы және санитарлық-гигиеналық талаптармен таныстыру.
4. Педагогикалық ұжымның функционалдық міндеттерін нақтылау.

ТЫҢДАЛДЫ:

1-мәселе бойынша

Кеңесті балабақша меңгерушісі К.Арымбекова ашып, 2025–2026 оқу жылының басталуымен педагогикалық ұжымды құттықтады. Меңгеруші жаңа оқу жылында мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мемлекеттік стандартына сәйкес оқу-тәрбие үдерісін сапалы ұйымдастырудың маңыздылығына тоқталды.

Өз сөзінде меңгеруші оқу жылының негізгі басым бағыттарын атап өтті:

- балалардың жан-жақты дамуын қамтамасыз ету;
- қауіпсіз және қолайлы білім беру ортасын қалыптастыру;
- педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру;
- ата-аналармен серіктестік жұмысты жүйелеу;
- инклюзивті білім беру талаптарын сақтау.

Сондай-ақ, 2025–2026 оқу жылында жүргізілетін барлық іс-шаралар жоспарлы, жүйелі және нормативтік-құқықтық құжаттарға сәйкес орындалуы тиіс екені ескертілді.

2-мәселе бойынша

Меңгеруші 2025–2026 оқу жылына арналған жылдық жоспардың құрылымымен таныстырды. Жоспарда оқу-тәрбие, әдістемелік, ұйымдастырушылық, сауықтыру, қауіпсіздік және ата-аналармен жұмыс бағыттарының қамтылғаны атап өтілді.

Жылдық жоспардың әрбір бөлімі бойынша:

- мақсат-міндеттер;
- жоспарланған іс-шаралар;
- күтілетін нәтижелер нақты көрсетілгені айтылды.

Әдіскер жылдық жоспардың мектепке дейінгі ұйымның күнтізбелік-тақырыптық жоспарларымен, бақылау-мониторинг жүйесімен және педагогтердің жеке жоспарларымен өзара байланысын түсіндірді.

«Елмерей» бөбекжай балабақшасы ЖШС
МЕҢГЕРУШІ ЖАНЫНДАҒЫ КЕҢЕС
ХАТТАМА № 2

Күні: 24 қазан 2025 жыл

Қатысқандар: меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер, педагог-мамандар

Қатыспағандар: қатыспаған жоқ

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Оқу-тәрбие үдерісінің бастапқы кезеңінің нәтижелерін талдау.
2. Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттердің сапасын сараптау.
3. Мерекелік іс-шараларға дайындық барысы.
4. Ата-аналармен жүргізілген жұмыстардың есебі.

ТЫҢДАЛДЫ:

1-мәселе бойынша

Кеңесті балабақша меңгерушісі К.Арымбекова ашып, қазан айында өткізілетін меңгеруші жанындағы кеңестің негізгі мақсаты – оқу жылының алғашқы кезеңінде жүргізілген оқу-тәрбие жұмыстарының сапасын талдау, педагогтердің жұмысындағы жетістіктер мен кемшіліктерді анықтау екенін атап өтті.

Меңгеруші оқу жылының басынан бері балалардың бейімделу кезеңі, топтардағы күн тәртібінің орындалуы, ұйымдастырылған ұйымдастырылған іс-әрекеттердің жүйелілігі туралы баяндады.

Балалардың жас ерекшеліктеріне сай жұмыс жүргізудің маңыздылығына ерекше тоқталды.

Сонымен қатар, тәрбиешілер тарапынан оқу-тәрбие үдерісін жоспарлау, білім беру салалары бойынша интеграциялау деңгейі қарастырылды.

2-мәселе бойынша

Әдіскер К.Анарбекова ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттердің өткізілу барысына тоқталып, қазан айында жоспарланған ашық сабақтардың мақсатқа сай ұйымдастырылғанын атап өтті.

Ашық оқу қызметтерін талдау барысында:

- сабақ құрылымының сақталуы;
- балалардың белсенділігі;
- қолданылған әдіс-тәсілдердің тиімділігі;
- көрнекіліктер мен дидактикалық материалдардың қолданылуы;
- сөйлеу, танымдық және шығармашылық дағдыларды дамыту деңгейі қарастырылды.

Әдіскер кейбір оқу қызметтерінде уақытты тиімді пайдалану және дифференциалды тапсырмаларды қолдану қажет екенін атап өтті.

3-мәселе бойынша

Меңгеруші алдағы мерекелік іс-шараларға дайындық барысы туралы ақпарат берді. Атап айтқанда, күзгі мерекелер, тақырыптық ертеңгіліктер және тәрбиелік іс-шаралар жоспары қаралды.

Тәрбиешілер балалардың өнер көрсету дағдыларын дамыту, сахналық мәдениетті қалыптастыру және мерекелік сценарийлерді жас ерекшеліктеріне сай дайындау бағытында атқарылып жатқан жұмыстарды баяндады.

Мерекелік іс-шараларды өткізу барысында қауіпсіздік талаптарын сақтау, ата-аналардың қатысуын үйлестіру мәселелері талқыланды.

4-мәселе бойынша

Ата-аналармен жүргізілген жұмыстар бойынша әдіскер есеп берді. Ата-аналар жиналыстарының өткізілуі, жеке және топтық кеңестер, ақпараттық бұрыштардың жаңартылуы туралы мәлімет берілді.

Ата-аналардың оқу-тәрбие үдерісіне тартылуы, кері байланыстың ұйымдастырылуы, ата-аналардың ұсыныстары мен пікірлері талқыланды. Кеңеске қатысушылар ата-аналармен серіктестік жұмысты одан әрі жетілдіру қажеттігін атап өтті.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Тәрбиешілер оқу қызметтерін ұйымдастыруда кездескен қиындықтар мен жетістіктер туралы пікірлерін білдірді. Әдіскер педагогтерге әдістемелік көмек көрсету және кәсіби қолдау шараларын жалғастыру қажеттігін айтты.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Оқу-тәрбие үдерісінің бастапқы кезеңі қанағаттанарлық деп танылсын.

1. Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттердің сапасын арттыру бойынша әдістемелік жұмыстар жалғастырылсын.
2. Мерекелік іс-шараларға дайындық жоспары бекітілсін.
3. Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстар жүйелі түрде ұйымдастырылсын.
4. Жауапты тұлғаларға анықталған кемшіліктерді жою тапсырылсын.

Кеңес төрағасы:

Хатшы:



К.Арымбекова

А.Кәтен

«Елмерей» бөбекжай балабақшасы ЖШС
МЕҢГЕРУШІ ЖАНЫНДАҒЫ КЕҢЕС
ХАТТАМА № 3

Күні: 19 қараша 2025 жыл

Қатысқандар: меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер, педагог-мамандар

Қатыспағандар: қатыспаған жоқ

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру және әдістемелік қолдау.
2. Біліктілікті арттыру курстары туралы ақпарат.
3. Инновациялық педагогикалық әдістерді оқу-тәрбие үдерісінде қолдану.
4. Озық педагогикалық тәжірибелерді тарату.

ТЫҢДАЛДЫ:

1-мәселе бойынша

Кеңесті балабақша меңгерушісі К.Арымбекова ашып, педагогтердің кәсіби құзыреттілігі білім беру сапасының негізгі көрсеткіші болып табылатынын атап өтті. Меңгеруші 2025–2026 оқу жылында педагогтердің кәсіби дамуына ерекше көңіл бөлінетінін, бұл бағытта әдістемелік қолдау жүйелі түрде, жоспарлы негізде ұйымдастырылатынын жеткізді.

Өз сөзінде меңгеруші педагогтердің заманауи білім беру талаптарына сәйкес жұмыс жүргізуі, оқу-тәрбие үдерісінде жаңартылған мазмұнды тиімді қолдануы, балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеру қажеттігін баса айтты. Сонымен қатар, әрбір педагогтің кәсіби жауапкершілігі, өзін-өзі дамытуға ұмтылысы және әдістемелік белсенділігі білім беру сапасын арттырудың маңызды факторы екені атап өтілді. Меңгеруші педагогтердің кәсіби өсуін қолдау мақсатында әдістемелік отырыстар, кеңестер, шеберлік сыныптары және тәжірибе алмасу алаңдары тұрақты түрде ұйымдастырылатынын хабарлады.

2-мәселе бойынша

Әдіскер Анарбекова Клара педагогтердің біліктілікті арттыру курстарынан өтуі туралы кеңейтілген мәлімет берді. Атап айтқанда, курстардан өткен педагогтердің тізімі, курстардың тақырыптық бағыты, ұзақтығы және оқу форматы (онлайн, офлайн) туралы ақпарат ұсынылды.

Сонымен қатар, алынған сертификаттардың есепке алынуы, курстар барысында меңгерілген теориялық және практикалық білімдердің оқу-тәрбие үдерісінде қолданылуы қажеттігі атап өтілді. Әдіскер курстан өткен педагогтердің алған тәжірибелерін әдістемелік отырыстарда, педагогикалық кеңестерде бөлісуі, шеберлік сабақтарын өткізуі маңызды екенін айтты.

Курстардан өтпеген педагогтерге келесі кезеңде біліктілікті арттыру жоспарланатыны хабарланды.

3-мәселе бойынша

Инновациялық педагогикалық әдістерді қолдану мәселесі жан-жақты талқыланды. Әдіскер оқу-тәрбие үдерісінде қолданылып жатқан инновациялық технологияларға тоқталып, олардың тиімділігіне талдау жасады. Атап айтқанда:

- ойын технологиялары балалардың қызығушылығын арттыруға;
- дамытушы оқыту әдістері баланың ойлау қабілетін жетілдіруге;
- жобалық әдіс шығармашылық пен дербестікті дамытуға;
- интерактивті әдістер балалардың белсенді қатысуын қамтамасыз етуге;
- ақпараттық-коммуникациялық технологиялар оқу мазмұнын қолжетімді әрі көрнекі етуге ықпал ететіні айтылды.

Педагогтер инновациялық әдістерді қолдану барысында балалардың белсенділігі мен қызығушылығы артатынын, өз ойларын еркін жеткізу дағдылары қалыптасатынын, шығармашылық қабілеттерінің дамитынын атап өтті. Сонымен қатар, инновациялық әдістерді жүйелі қолдану білім беру сапасын арттыруға оң әсерін тигізетіні айтылды.

4-мәселе бойынша

Озық педагогикалық тәжірибелерді тарату мәселесі бойынша әдіскер сөз сөйлеп, тәжірибелі тәрбиешілердің ашық оқу қызметтері, шеберлік сыныптары, коучингтер және тәжірибе алмасу алаңдары арқылы өз іс-тәжірибелерін бөлісіп жүргенін атап өтті.

Педагогтердің әдістемелік бірлестіктер жұмысына белсенді қатысуы, шығармашылық есептер дайындауы, өз тәжірибелерін аудандық, қалалық, өңірлік семинарларда тарату мүмкіндіктері қарастырылды.

Сонымен қатар, жас педагогтерге тәлімгерлік көмек көрсету, озық тәжірибені жинақтау және тарату жұмыстары әдістемелік қызметтің негізгі бағыттарының бірі екені атап өтілді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру бағытындағы жұмыстар жалғастырылсын.
2. Курстан өткен педагогтер өз тәжірибелерімен әдістемелік отырыстарда бөліссін.
3. Инновациялық педагогикалық әдістерді оқу-тәрбие үдерісінде кеңінен қолдану тапсырылсын.
4. Озық педагогикалық тәжірибелерді тарату жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін.
5. Әдіскерге педагогтерге тұрақты әдістемелік қолдау көрсету жүктелсін.

Кеңес төрағасы:

Хатшы:



К.Арымбекова

А.Кәтен

«Елмерей» бөбекжай балабақшасы ЖШС
МЕҢГЕРУШІ ЖАНЫНДАҒЫ КЕҢЕС
ХАТТАМА № 4

Күні: 25 желтоқсан 2025 жыл

Қатысқандар: меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер, педагог-мамандар

Қатыспағандар: қатыспағандар жоқ

КҮН ТӘРТІБІ:

1. I жартыжылдықтағы оқу-тәрбие жұмысының қорытындысы.
2. Балалардың даму мониторингінің нәтижелері.
3. Қыс мезгіліндегі қауіпсіздік ережелерін сақтау.
4. Құжаттамалардың орындалуын тексеру.

ТЫҢДАЛДЫ:

1-мәселе бойынша

Кеңесті балабақша меңгерушісі К.Арымбекова ашып, 2025–2026 оқу жылының бірінші жартыжылдығында жүргізілген оқу-тәрбие жұмыстарының қорытындысын шығарудың маңыздылығына тоқталды. Меңгеруші оқу-тәрбие үдерісінің мемлекеттік стандарт талаптарына сәйкес ұйымдастырылғанын, жоспарланған іс-шаралардың уақытылы орындалғанын атап өтті.

Сонымен қатар, балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру салалары бойынша жүргізілген жұмыстардың тиімділігі, тәрбиелік іс-шаралардың мазмұны мен сапасы талданды.

2-мәселе бойынша

Әдіскер К.Анарбекова балалардың даму мониторингінің нәтижелері туралы кең көлемде баяндады. Мониторинг барысында балалардың:

- танымдық дамуы;
- сөйлеу дағдылары;
- әлеуметтік-эмоциялық дамуы;
- шығармашылық қабілеттері;
- дене дамуы

бойынша көрсеткіштері сарапталғаны айтылды.

Мониторинг нәтижелері бойынша балалардың көпшілігі жоспарланған нәтижелерге жеткені, алайда кейбір балалармен жеке түзету және дамыту жұмыстарын жүргізу қажеттігі анықталды.

3-мәселе бойынша

Қыс мезгіліндегі қауіпсіздік ережелерін сақтау мәселесі қаралды. Кеңес барысында балабақша меңгерушісі балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау – мектепке дейінгі ұйым қызметінің басты міндеті екенін атап өтті. Қысқы кезеңде ауа райының құбылмалылығына байланысты қауіпсіздік шараларын күшейту қажеттігіне ерекше назар аударылды.

Қаралған негізгі мәселелер мыналар болды:

- тайғақ кезеңде серуенді дұрыс ұйымдастыру, балалардың қозғалысын бақылау;

- балалардың ауа райына сай жылы киінуін қамтамасыз ету, ата-аналармен бірлескен бақылау;
- ғимараттағы жылыту жүйелері мен электр құралдарының қауіпсіздігін сақтау;
- төтенше жағдайлар кезінде (боран, қатты аяз, электр қуатының өшуі және т.б.) педагогтердің әрекет ету тәртібі.

Сонымен қатар, қыс мезгілінде балаларға қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажеттігі айтылды. Педагогтерге қауіпсіздік нұсқаулықтарын қатаң сақтау, нұсқаулық журналдарын уақытында толтыру және ата-аналарға жүйелі түрде түсіндірме жұмыстарын жүргізу тапсырылды.

4-мәселе бойынша

Әдіскер оқу-тәрбие үдерісіне қатысты құжаттамалардың орындалуын тексеру нәтижелерімен кең көлемде таныстырды. Тексеру барысында төмендегі құжаттардың жүргізілу сапасы сарапталды:

- күнтізбелік-тақырыптық жоспарлардың талапқа сай рәсімделуі;
- балалардың жеке даму карталарының толықтығы мен жүйелілігі;
- журналдар мен есеп құжаттарының уақытында толтырылуы;
- әдістемелік материалдардың жинақталуы және қолданылуы.

Тексеру нәтижесінде құжаттамалардың басым бөлігі талапқа сай жүргізіліп жатқаны анықталды. Алайда кейбір құжаттарда рәсімдеу талаптарын толық сақтау қажеттігі ескертіліп, нақты кемшіліктер көрсетілді.

Әдіскер анықталған кемшіліктерді белгіленген мерзімде түзету, құжаттарды бірізділікпен жүргізу және оларды уақытылы жаңартып отыру қажеттігін атап өтті. Құжаттамалардың сапалы жүргізілуі оқу-тәрбие жұмысының тиімділігін арттыратыны баса айтылды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. І жартыжылдықтағы оқу-тәрбие жұмысының нәтижелері қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Балалардың даму мониторингінің нәтижелері ескеріліп, түзету және дамыту жұмыстары жалғастырылсын.
3. Қыс мезгіліндегі қауіпсіздік ережелерінің сақталуы тұрақты бақылауда болсын.
4. Құжаттамаларды рәсімдеу талаптары қатаң сақталсын.
5. Анықталған кемшіліктерді жою әдіскердің бақылауында болсын.

Кеңес төрағасы:

Хатшы:



К.Арымбекова

А.Кәтен

«Елмерей» бөбекжай балабақшасы ЖШС
МЕҢГЕРУШІ ЖАНЫНДАҒЫ КЕҢЕС
ХАТТАМА № 5

Күні: 22 қаңтар 2026 жыл

Қатысқандар: меңгеруші, медицина қызметкері, әдіскер, тәрбиешілер, педагог-мамандар

Қатыспағандар: қатыспаған жоқ

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Қыс мезгіліндегі тәрбиелік және сауықтыру іс-шараларын ұйымдастыру.
2. Қысқы мерекелерді өткізу жоспары.
3. Сауықтыру және дене шынықтыру жұмыстары.
4. Қауіпсіздік талаптарының орындалуы.

ТЫҢДАЛДЫ:

1-мәселе бойынша

Кеңесті балабақша меңгерушісі К.Арымбекова ашып, қаңтар айында жүргізілетін тәрбиелік және сауықтыру іс-шараларының маңыздылығына тоқталды. Меңгеруші қыс мезгілінде балалардың денсаулығын сақтау мен нығайту, эмоционалдық жағдайын тұрақтандыру және белсенді қозғалысын қамтамасыз ету негізгі міндеттердің бірі екенін атап өтті. Сонымен қатар, қысқы кезеңде тәрбиелік жұмыстарды жүйелі ұйымдастыру, балалардың жас ерекшеліктерін ескеру және оқу-тәрбие үдерісін сауықтыру бағытында үйлестіру қажеттігі айтылды.

2-мәселе бойынша

Қысқы мерекелерді өткізу жоспары бойынша меңгеруші ақпарат берді. Атап айтқанда, қаңтар айында өткізілетін тақырыптық мерекелер, ойын-сауық шаралары және тәрбиелік іс-шаралардың мазмұны қарастырылды. Мерекелік іс-шараларды ұйымдастыру барысында:

- балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- ұжымдық әрекетке бейімдеу;
- жағымды эмоциялық орта қалыптастыру;
- қауіпсіздік талаптарын сақтау

мәселелеріне ерекше көңіл бөлінетіні атап өтілді. Тәрбиешілердің жауапкершілігі нақты айқындалды.

3-мәселе бойынша

Медицина қызметкері сауықтыру және дене шынықтыру жұмыстары туралы кеңейтілген ақпарат берді. Қыс мезгілінде балалардың иммунитетін нығайту мақсатында жүргізілетін шаралар атап өтілді:

- таңертеңгі гимнастика;
- қимылды ойындар;
- серуен кезінде белсенді қозғалыс;

- шынықтыру элементтерін қолдану.

Сонымен қатар, медицина қызметкері балалардың денсаулық жағдайын күнделікті бақылау, сырқаттанудың алдын алу және санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау қажеттігін атап өтті.

4-мәселе бойынша

Қауіпсіздік талаптарының орындалуы мәселесі қаралды. Меңгеруші қыс мезгілінде қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтау, әсіресе серуен, ойын-сауық іс-шаралары кезінде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажеттігін баса айтты.

Қаралған бағыттар:

- тайғақ кезеңде серуенді дұрыс ұйымдастыру;
- ойын алаңдарының қауіпсіздігі;
- ғимарат ішіндегі қауіпсіздік шаралары;
- төтенше жағдайларда әрекет ету тәртібі.

Педагогтерге қауіпсіздік нұсқаулықтарын сақтау, ата-аналармен бірлесіп түсіндіру жұмыстарын жүргізу тапсырылды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Қыс мезгіліндегі тәрбиелік және сауықтыру іс-шаралары бекітілсін.
2. Қысқы мерекелерді өткізу жоспарына сәйкес ұйымдастыру тапсырылсын.
3. Сауықтыру және дене шынықтыру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін.
4. Қауіпсіздік талаптарының сақталуы тұрақты бақылауда болсын.
5. Жауапты тұлғаларға белгіленген жұмыстардың уақытында орындалуы жүктелсін.

Кеңес төрағасы:

Хатшы:



К.Арымбекова

A handwritten signature in blue ink, likely belonging to A. Katen.

А.Кәтен

«Елмерей» бөбекжай балабақшасы ЖШС
МЕҢГЕРУШІ ЖАНЫНДАҒЫ КЕҢЕС
ХАТТАМА № 6

Күні: 18 ақпан 2026 жыл

Қатысқандар: меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер, педагог-мамандар

Қатыспағандар: қатыспаған жоқ

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Ата-аналармен серіктестік қарым-қатынасты нығайту.
2. Ата-аналар жиналыстарының қорытындысы.
3. Бірлескен жобалар мен іс-шаралар.
4. Кеңес беру және түсіндіру жұмыстары.

ТЫҢДАЛДЫ:

1-мәселе бойынша

Кеңесті балабақша меңгерушісі К.Арымбекова ашып, ата-аналармен серіктестік қарым-қатынастың мектепке дейінгі ұйым қызметіндегі маңызды бағыттардың бірі екенін атап өтті. Меңгеруші отбасы мен балабақша арасындағы өзара сенімді қарым-қатынасты қалыптастыру, ата-аналарды оқу-тәрбие үдерісіне белсенді тарту баланың жан-жақты дамуына оң әсер ететінін айтты.

Сондай-ақ, ата-аналармен жүргізілетін жұмыстың жүйелілігі, ашықтығы және өзара ынтымақтастық қағидаттарына негізделуі қажеттігі атап өтілді.

2-мәселе бойынша

Ата-аналар жиналыстарының қорытындысы бойынша тәрбиешілер есеп берді. Жиналыстарда көтерілген негізгі мәселелер, ата-аналардың ұсыныстары мен сұрақтары талқыланды.

Жиналыстар барысында балалардың даму ерекшеліктері, оқу-тәрбие жұмысының бағыттары, қауіпсіздік талаптары және тәртіп мәселелері қаралғаны айтылды. Ата-аналардың белсенділігі мен кері байланысы оң бағаланды.

3-мәселе бойынша

Бірлескен жобалар мен іс-шаралар туралы меңгеруші және тәрбиешілер ақпарат берді. Балабақша мен ата-аналар арасында өткізілген тәрбиелік, шығармашылық, спорттық және мәдени іс-шаралар талданды.

Ата-аналардың қатысуымен өткізілген ашық есік күндері, шеберлік сабақтары, тақырыптық жобалар балалардың әлеуметтік дағдыларын дамытуға және ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыруға ықпал ететіні атап өтілді.

4-мәселе бойынша

Кеңес беру және түсіндіру жұмыстары мәселесі қаралды. Тәрбиешілер ата-аналарға жеке және топтық кеңес беру жұмыстарының жүргізілуі туралы мәлімет берді.

Кеңес беру барысында:

- балалардың жас ерекшеліктері;
- тәртіп және мінез-құлық мәселелері;
- денсаулық пен қауіпсіздік;
- оқу-тәрбие үдерісін қолдау жолдары

сияқты тақырыптардың қамтылғаны айтылды. Ата-аналармен жүргізілетін кеңес беру жұмыстарының нәтижелілігін арттыру үшін түрлі форматтарды қолдану қажеттігі ұсынылды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Ата-аналармен серіктестік қарым-қатынасты нығайту бағытындағы жұмыстар жалғастырылсын.
2. Ата-аналар жиналыстарының қорытындылары ескеріліп, ұсыныстар іске асырылсын.
3. Бірлескен жобалар мен іс-шаралар жүйелі түрде ұйымдастырылсын.
4. Кеңес беру және түсіндіру жұмыстарының сапасы арттырылсын.
5. Жауапты тұлғаларға ата-аналармен жүргізілетін жұмыстардың тиімділігін бақылау тапсырылсын.

Кеңес төрағасы:

Хатшы:



К.Арымбекова

А.Кәтен

«Елмерей» бөбекжай балабақшасы ЖШС
МЕҢГЕРУШІ ЖАНЫНДАҒЫ КЕҢЕС
ХАТТАМА № 7

Күні: 12 наурыз 2026 жыл

Қатысқандар: меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер, педагог-мамандар

Қатыспағандар: қатыспаған жоқ

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Ұлттық құндылықтар мен экологиялық тәрбиені іске асыру.
2. Ұлттық мерекелерді ұйымдастыру.
3. Экологиялық бағыттағы іс-шаралар.
4. Табиғатты қорғауға баулу жұмыстары.

ТЫҢДАЛДЫ:

1-мәселе бойынша

Кеңесті балабақша меңгерушісі К.Арымбекова ашып, ұлттық құндылықтар мен экологиялық тәрбиенің мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеудегі маңыздылығына тоқталды. Меңгеруші ұлттық салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды балалардың күнделікті өмірімен ұштастыру, туған жерге, табиғатқа сүйіспеншілік сезімін қалыптастыру басты міндеттердің бірі екенін атап өтті.

Сондай-ақ, экологиялық тәрбиені жүйелі түрде ұйымдастыру арқылы балалардың қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау дағдыларын дамыту қажеттігі айтылды.

2-мәселе бойынша Ұлттық мерекелерді ұйымдастыру мәселесі қаралды.

Әдіскер К.Анарбекова Наурыз мейрамын, ұлттық тақырыптағы ертеңгіліктер мен тәрбиелік іс-шараларды өткізу жоспары туралы ақпарат берді.

Ұлттық мерекелерді өткізу барысында:

- балалардың жас ерекшеліктерін ескеру;
- ұлттық ойындар мен салт-дәстүр элементтерін қолдану;
- ұлттық киімдер мен музыканы пайдалану;
- тәрбиелік мәнін арттыру

мәселелеріне назар аударылатыны айтылды.

3-мәселе бойынша

Экологиялық бағыттағы іс-шаралар туралы әдіскер баяндады. Балалармен бірге өткізілетін экологиялық акциялар, бақылау жұмыстары, табиғат бұрышын жаңарту және тәжірибелік жұмыстардың мазмұны талқыланды. Экологиялық іс-шаралардың балалардың танымдық қызығушылығын арттырып, табиғат құбылыстарын түсінуіне мүмкіндік беретіндігі атап өтілді.

4-мәселе бойынша

Табиғатты қорғауға баулу жұмыстары мәселесі қаралды. Тәрбиешілер балаларды табиғатты аялауға, өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға үйрету бағытында жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы пікірлерін білдірді.

Балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру мақсатында:

- табиғатты бақылау;
- еңбек әрекеттерін ұйымдастыру;
- экологиялық әңгімелер мен ойындар;
- көркем әдебиет пен шығармашылық жұмыстарды қолдану

сияқты әдістердің тиімділігі айтылды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Ұлттық құндылықтар мен экологиялық тәрбиені іске асыру бағытындағы жұмыстар жалғастырылсын.
2. Ұлттық мерекелер мен тақырыптық іс-шаралар жоспарға сай ұйымдастырылсын.
3. Экологиялық бағыттағы іс-шаралар жүйелі түрде жүргізілсін.
4. Табиғатты қорғауға баулу жұмыстары оқу-тәрбие үдерісінің барлық саласына енгізілсін.
5. Жауапты тұлғаларға белгіленген жұмыстардың орындалуын бақылау тапсырылсын.

Кеңес төрағасы:

Хатшы:



К.Арымбекова

А.Кәтен

«Елмерей» бөбекжай балабақшасы ЖШС
МЕҢГЕРУШІ ЖАНЫНДАҒЫ КЕҢЕС
ХАТТАМА № 8

Күні: 23 сәуір 2026 жыл

Қатысқандар: меңгеруші, шаруашылық меңгерушісі, әдіскер, тәрбиешілер, педагог-мамандар

Қатыспағандар: қатыспғандар жоқ

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық жұмыстары.
2. Жазғы сауықтыру жоспарын бекіту.
3. Материалдық-техникалық базаны тексеру.
4. Қауіпсіздік нұсқаулығын өткізу.

ТЫҢДАЛДЫ:

1-мәселе бойынша

Кеңесті балабақша меңгерушісі К.Арымбекова ашып, жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық жұмыстарының маңыздылығына тоқталды. Меңгеруші жаз мезгілінде балалардың денсаулығын сақтау және нығайту, таза ауада белсенді қозғалысын қамтамасыз ету, сондай-ақ тәрбиелік және сауықтыру жұмыстарын тиімді ұйымдастыру негізгі міндеттердің бірі екенін атап өтті.

Жазғы кезеңдегі жұмыстар алдын ала жоспарланып, барлық талаптар мен қауіпсіздік нормаларына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс екені айтылды.

2-мәселе бойынша

Жазғы сауықтыру жоспарын бекіту мәселесі қаралды. Әдіскер К.Анарбекова жазғы кезеңге арналған сауықтыру жоспарының жобасымен кеңейтілген түрде таныстырды. Жоспардың негізгі мақсаты – жаз мезгілінде балалардың денсаулығын сақтау және нығайту, белсенді қозғалысын қамтамасыз ету, сондай-ақ тәрбиелік және танымдық іс-шараларды жүйелі ұйымдастыру екені атап өтілді.

Жоспарда төмендегі бағыттар қамтылғаны көрсетілді:

- сауықтыру бағытындағы іс-шаралар;
- қимылды және спорттық ойындарды жүйелі ұйымдастыру;
- су, ауа, күн арқылы шынықтыру элементтерін қолдану;
- тәрбиелік және танымдық мазмұндағы іс-шаралар.

Әдіскер аталған іс-шаралардың балалардың жас ерекшеліктеріне сай жүргізілетініне, санитарлық-гигиеналық талаптардың қатаң сақталатынына тоқталды. Кеңеске қатысушылар жоспар мазмұнымен танысып, өз ұсыныстарын білдірді. Ұсыныстар ескеріліп, жазғы сауықтыру жоспары бірауыздан бекітілді.

3-мәселе бойынша

Материалдық-техникалық базаны тексеру мәселесі бойынша шаруашылық меңгерушісі ақпарат берді. Тексеру барысында балабақша аумағындағы

ойын алаңдарының, спорттық құрал-жабдықтардың, көлеңкелі аймақтардың, сондай-ақ ғимараттың ішкі және сыртқы жағдайының жан-жақты қаралғаны айтылды.

Сонымен қатар, құрал-жабдықтардың қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі, олардың жарамдылық деңгейі және балалардың денсаулығына қауіп төндірмеуі басты назарға алынғаны атап өтілді. Ақауы бар құрал-жабдықтарды жөндеу, жаңарту және қауіпсіздік талаптарына сәйкестендіру қажеттігі көрсетіліп, бұл жұмыстардың белгіленген мерзімде толық орындалатыны хабарланды.

4-мәселе бойынша

Қауіпсіздік нұсқаулығын өткізу мәселесі қаралды. Кеңес барысында меңгеруші жазғы кезеңде қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтау, әсіресе серуен кезінде, су ойындарын ұйымдастыру барысында және күн астында болу уақытында балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету аса маңызды екенін атап өтті.

Осыған байланысты педагогтерге:

- балаларға және ата-аналарға арналған қауіпсіздік нұсқаулықтарын өткізу;
- нұсқаулық журналдарын талапқа сай, уақытында толтыру;
- ата-аналарға қауіпсіздік бойынша жүйелі түрде түсіндіру жұмыстарын жүргізу

тапсырылды. Қауіпсіздік талаптарының орындалуы тұрақты бақылауда болатыны ескертілді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық жұмыстары бекітілсін.
2. Жазғы сауықтыру жоспары орындалуға қабылдансын.
3. Материалдық-техникалық базаны тексеру және жөндеу жұмыстары уақытында жүргізілсін.
4. Қауіпсіздік нұсқаулығы барлық педагогтер мен қызметкерлерге өткізілсін.
5. Жауапты тұлғаларға жұмыстардың орындалуын бақылау жүктелсін.

Кеңес төрағасы:

Хатшы:



К.Арымбекова

 **А.Кәтен**

«Елмерей» бөбекжай балабақшасы ЖШС
МЕҢГЕРУШІ ЖАНЫНДАҒЫ КЕҢЕС
ХАТТАМА № 9

Күні: 28 мамыр 2026 жыл

Қатысқандар: меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер, педагог-мамандар

Қатыспағандар: қатыспаған жоқ

КҮН ТӘРТІБІ:

1. 2025–2026 оқу жылының қорытындысы.
2. Жылдық оқу-тәрбие жұмысының нәтижесін талдау.
3. Педагогтердің жылдық есептері.
4. Келесі 2026–2027 оқу жылына арналған ұсыныстар.

ТЫҢДАЛДЫ:

1-мәселе бойынша

Кеңесті балабақша меңгерушісі К.Арымбекова ашып, 2025–2026 оқу жылының аяқталуына байланысты педагогикалық ұжымның атқарған жұмыстарына жалпы шолу жасады. Меңгеруші оқу жылы барысында жоспарланған барлық бағыттар бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілгенін атап өтті.

Өз сөзінде меңгеруші оқу-тәрбие үдерісінің мемлекеттік стандарт талаптарына сәйкес ұйымдастырылғанын, балалардың жас ерекшеліктері ескерілгенін және тәрбиелік, дамытушылық жұмыстардың нәтижелі болғанын айтты. Сонымен қатар, педагогтердің кәсіби жауапкершілігі мен ұйымшылдығы оқу жылының табысты өтуіне ықпал еткені атап өтілді.

2-мәселе бойынша

Әдіскер 2025–2026 оқу жылында атқарылған жылдық оқу-тәрбие жұмысының нәтижелері бойынша кеңейтілген, жан-жақты талдау жасады. Талдау барысында оқу-тәрбие үдерісінің жылдық жоспарға сәйкес ұйымдастырылуы, белгіленген мақсаттар мен міндеттердің орындалу деңгейі қарастырылды.

Атап айтқанда, төмендегі бағыттар бойынша нәтижелер сарапталды:

- оқу-тәрбие жұмысының жоспарға сай және жүйелі түрде орындалуы;
- балалардың даму көрсеткіштері мен жеке жетістіктері;
- бастапқы, аралық және қорытынды мониторинг нәтижелері;
- әдістемелік жұмыстардың тиімділігі мен мазмұны;
- ата-аналармен жүргізілген жұмыстардың нәтижелілігі.

Аталған бағыттар әдістемелік жоспарға енгізілетіні хабарланды.

3-мәселе бойынша

Педагогтер өз топтары бойынша жылдық есептерін ұсынды. Әр педагог өз есебінде оқу-тәрбие жұмысының жалпы нәтижелерін, оқу жылы барысында қолданылған әдіс-тәсілдерді, қол жеткізілген жетістіктерді және кездескен қиындықтарды атап өтті.

Педагогтердің есептері барысында:

- балалардың жеке дамуындағы жетістіктері;
- шығармашылық жұмыстар мен жобалар;
- тәрбиелік және мәдени іс-шаралар;
- ата-аналармен серіктестік жұмыстың нәтижелері

нақты мысалдармен баяндалды.

Меңгеруші педагогтердің жылдық есептерін тыңдап, олардың жауапкершілікпен және талапқа сай дайындалғанын атап өтті.

Педагогтердің атқарған жұмыстары қанағаттанарлық деп бағаланып, алдағы оқу жылында жетілдіруді қажет ететін тұстарға назар аудару ұсынылды.

4-мәселе бойынша

Келесі 2026–2027 оқу жылына арналған ұсыныстар қаралды. Меңгеруші мен әдіскер оқу жылы барысында анықталған мәселелер мен алынған нәтижелерді ескере отырып, келесі оқу жылында жұмысты жетілдіруге бағытталған ұсыныстарын ортаға салды.

Ұсыныстар төмендегі бағыттарды қамтыды:

- педагогтердің кәсіби дамуын жалғастыру, біліктілікті арттыру курстарына қатысуын қамтамасыз ету;
- оқу-тәрбие үдерісінде инновациялық әдістер мен заманауи технологияларды кеңінен қолдану;
- ата-аналармен серіктестік қарым-қатынасты нығайту және жұмыс формаларын жетілдіру;
- инклюзивті білім беру бағытындағы жұмыстарды жүйелеу және күшейту;
- балалардың денсаулығын сақтау, қауіпсіздік талаптарын қатаң орындау.

Кеңеске қатысушылар ұсыныстарды жан-жақты талқылап, олардың келесі оқу жылындағы жоспарлау жұмыстарының негізі ретінде алынуын бірауыздан қолдады.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. 2025–2026 оқу жылының оқу-тәрбие жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Жылдық жұмыс нәтижелері ескеріліп, кемшіліктер бойынша түзету шаралары қабылдансын.
3. Педагогтердің жылдық есептері қабылдансын.
4. 2026–2027 оқу жылына арналған ұсыныстар негізге алынсын.
5. Әдіскерге келесі оқу жылына арналған жоспарды әзірлеу тапсырылсын.

Кеңес төрағасы:

Хатшы:



К.Арымбекова

А.Кәтен